

«Бекітемін»
« №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ директоры
Ш.Бекмағанбетова



**"Ақмола облысы білім басқармасының
Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің
Атбасар қаласының №2 жалпы білім беретін мектебі" КММ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және "Ақмола білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің Атбасар қаласының №2 жалпы білім беретін мектебі" КММ мемлекеттік мекемесінің (мемлекеттік ұйымның) қызметі салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін білдіреді (бұдан әрі-мектеп педагогтері мен қызметкерлері):
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:
 - * мектеп педагогтері мен қызметкерлерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;
 - * сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;
 - * білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін арттыру.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:
 - * Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру ұйымының қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің функциялары мен іске асырылуын жүзеге асыру кезінде қолданылады.
 - * Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру ұйымының барлық педагогтары мен қызметкерлері үшін міндетті.
 - * Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау үшін білім беру ұйымының педагогтары мен қызметкерлері дербес жауапты болады.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және қызмет саласына байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

7. Қоғаммен қарым-қатынас саласындағы сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған кезде білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлерінің іс-әрекеттері:

- егер ұйымның педагогінде немесе қызметкерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдауға, оның ішінде жоғары тұрған басшыны, өзі жұмыс істейтін білім беру ұйымының басшылығын, уәкілетті мемлекеттік органдарды жазбаша нысанда дереу хабардар етуге тиіс;
- өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары, мемлекеттік ұйымның беделін түсіретін қызметтік әдеп нормаларын бұзу және тәртіптік теріс қылықтар туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және сыйлықтар алуға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір адамдардың жүгіну фактілері туралы, туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, мемлекеттік ұйымның беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы тікелей басшының назарына дереу жеткізу .

8. Білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылауды әдеп жөніндегі уәкіл жүзеге асырады. Білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтамаған жағдайда, білім беру ұйымының басшысы бұл туралы Әдеп жөніндегі уәкілге (білім беру бөлімінің басшысына) хабарлайды.

9. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: Бухгалтерлік есеп және экономика секторы;

9.1. Тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар:

- қаржылық қызметтің бухгалтерлік есебін жүргізу, білім беру ұйымының материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының үнемді және ұтымды пайдаланылуын бақылау;
- қаржыландыру жоспары шегінде банктік, кассалық операциялардың және есеп айырысулардың есебін жүргізу;
- келіп түскен негізгі құралдардың есебін, олардың қозғалысын жүргізу;
- көрсетілетін қызметті берушілердің ұйымдарымен төлемдерді салыстырып тексеруді жүргізу;
- білім беру ұйымының басшысымен бірлесіп тауарлық-материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражаттарды қабылдау және беру үшін

негіз болатын банктік құжаттар мен құжаттарға, сондай-ақ қаржылық міндеттемелерге қол қою;

- тиісті органдарға шоғырландырылған қаржылық есептілікті (бюджеттік есептілік, қаржылық есептілік және т.б.) белгіленген мерзімде жасау және ұсыну.
- білім беру ұйымының қаржылық қызметіне экономикалық талдау жүргізу; қаражат резервтерін анықтау мақсатында бухгалтерлік есеп және есептілік деректері бойынша;
- штаттық, қаржылық және кассалық тәртіптің қатаң сақталуын, қаржыландыру жоспарларының орындалуын, бухгалтерлік құжаттардың сақталуын, оларды белгіленген тәртіппен ресімдеуді және мұрағатқа тапсыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуды ұйымдастыру бойынша, байқау (сатып алу рәсімдерінің өзге де түрлері) бойынша жұмысқа заңнамада белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыру;
- келіп түсетін негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарды есепке алуды, сондай-ақ олардың қозғалысына байланысты операцияларды бухгалтерлік есепте уақтылы көрсетуді жүзеге асыру. Тозу сомасын есептеу.
- заңнамада белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп жүргізуді жүзеге асыру;
- материалдық құндылықтарды түгендеу және тиісті құжаттаманы жүргізу.
- білім беру ұйымының басшысына, Білім бөлімі басшысына немесе Құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзіне белгілі болған жағдайлары туралы хабарлауға, осы міндетті орындамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болуға;
- ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау.

10. Білім беру ұйымының педагогы мен қызметкері:

- мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;
- белгілі бір міндеттердің орындалуын реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сәйкессіздік анықталған жағдайларда уәкілетті органға дереу жазбаша нысанда хабарлау;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;
- өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:
- мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;
- өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде білім беру ұйымының педагогы мен қызметкері:

- заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға;
- мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;
- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;
- жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;
- жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерді жұмсау, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы, үнемді және өзге де құзыретті тәсілдерін қолдану;
- қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін үнемі арттырып отыру;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызметтік жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия мен әуре-сарсаң көріністеріне, сондай-ақ дәрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеуге;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;
- әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.

12. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлері:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

- кәсіби (қызметтік) этиканы сақтау;
- білім беру ұйымының басшысын, білім беру бөлімінің басшысын, уәкілетті мемлекеттік органдарды оны басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеген жағдайлары туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.
- еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, берілген өкілеттіктерге тиімді билік ету; өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану;* лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;
- әріптестеріне және басшысына олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын өтініштермен жүгінуден бас тарту.

13. Тіршілік саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастарда:

- әріптестер мен азаматтарға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік фактілеріне, адамның қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіздікке, дұрыс емес мінез-құлыққа жол бермеуге;
- міндеттерді орындау барысында тек объективті және сенімді мәліметтерді басшылыққа алу;
- мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, мүлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалану;
- * ұжымда іскерлік қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал ету;
- заңда тәртіптік, әкімшілік жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау;
- тексеру іс-шаралары кезінде мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы жалпы ережелерді қатаң сақтау.
- білім беру ұйымының басшысын, білім бөлімінің басшысын немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды оларға белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабардар етуге міндетті.

14. Білім беру ұйымының осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты сақталмаған жағдайда, білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлері жазалау шарасы тәртіптік жауаптылықты көздейтін дербес жауаптылықта болады.

